



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады



Мемлекет басшысы Түркістан облысының әкімін қабылдады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылы Түркістан облысында атқарылған жұмыстар туралы есепті тыңдады, деп хабарлайды Egemen.kz Ақорданың ресми сайтына сілтеме жасап.

Өмірзақ Шөкеевтің айтуынша, экономиканың негізгі көрсеткіші – жалпы өңірлік өнім көлемінің өсімі былтыр 2020 жылмен салыстырғанда 4,7 пайызға артқан. Ауыл шаруашылығы саласында 906,5 миллиард теңгенің өнімі өндіріліп, өсім 101,7 пайызды құрады. Бұл нәтиже облыстың республикадағы үлесі бойынша екінші

орынға шыққанын көрсетеді. Аймақ әкімі «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында 315 жоба қаржыландырылғанын айтты.

Президентке өңірдегі құрылыс қарқынының артқаны туралы мәлімет берілді. Құрылыс жұмыстарының көлемі 2020 жылмен салыстырғанда 4,1 пайызға артты. Өмірзақ Шөкеев Түркістан қаласын түркі әлемінің мәдени-рухани орталығы ретінде қалыптастыру жұмыстарының бірінші кезеңі аяқталып, әлеуметтік инфрақұрылымның негізі қаланғанын жеткізді. Оның айтуынша, облыстың 2021-2025 жылдарға арналған жаңа кешенді жоспары

бекітілген.

Облыс әкімі «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына сәйкес, Сайрам ауданында жүзеге асырылған «Парасатты дискуссиялық клуб» пилоттық жобасы туралы баяндады. Аталған жоба облыс, аудан, аймақтағы күштік құрылым басшыларының тұрғындармен кездесулерін, ашық әңгімелесулерін қамтамасыз етеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістан облысында атқарылып жатқан жұмыстарға оң баға бере отырып, қолға алынған жобаларды жалғастыруды және халықпен тығыз жұмыс істеуді күшейтуді тапсырды.

Президент Ұлттық банк төрағасының есебін тыңдады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық банк төрағасы Ғалымжан Пірматовтың инфляцияны болдырмау жөніндегі ақша-кредит саясатының іске асырылу барысы жайындағы есебін тыңдады, деп хабарлайды Egemen.kz Ақорданың ресми сайтына сілтеме жасап.



Қасым-Жомарт Тоқаевқа валюта және ақша нарықтарындағы ахуал, елдің алтынвалютта резервтерінің жай-күйі, сондай-ақ былтырғы төлем теңгерімін алдын ала бағалау туралы есеп берілді.

Ғалымжан Пірматов Ұлттық банктің негізгі мандаты саналатын қаржы және баға тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған ақша-кредит саясатының тиімділігін одан әрі арттыру жөніндегі жоспарын алға тартты.

Ұлттық банктің 2022 жылға арналған жоспарымен егжей-тегжейлі танысқан Президент, банк төрағасына бірқатар нақты тапсырма берді.

ЖОО оқытушыларының жалақысы өседі



ҚР Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев мәдениет саласындағы қызметкерлердің әлеуметтік пакетін жақсартуға уәде берді, деп хабарлайды Egemen.kz.

«Әрине, саланың ең өткір мәселелерінің бірі - мәдениет ұйымдары қызметкерлерінің

әлеуметтік пакеті. Мәдениет ұйымдарының лауазымдық жалақыларына «ұлттық» мәртебесі бар 1,75 коэффициенті түрінде қосымша ақылар мен үстемақылар әзірлеу қажет», деді Дәурен Абаев ведомствоның кеңейтілген алқа отырысында.

Сондай-ақ оның айтуынша, шығармашылық жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамы мен концертмейстерлерінің жалақы мөлшеріне назар аудару қажет.

«Бұл мәселені мен өз бақылауыма аламын. Осы күндері мен кездестірген көптеген оқытушылар, тіпті ең қиын 90-шы жылдары да өз мандықтарын тастамады. Олардың арқасында мәдениет пен өнерде ұрпақ алшақтығы болған жоқ», деп атап өтті ведомство басшысы.

«Егемен Қазақстан» газетінен.



Қанша қазақстандық Pfizer вакцинасын алды?

Pfizer вакцинасының бірінші компонентімен 762 654 адам, ал екінші компонентімен 479 575 адам вакцина салдыртты, деп хабарлайды Egemen.kz Covid-19 таратпау жөніндегі ВАК-қа сілтеме жасап.

Оның ішінде бірінші дозада: жасөспірімдер – 632 517, жүкті әйелдер – 29 369, бала емізетін әйелдер – 97 577.

Екінші доза: жасөспірімдер – 396 230, жүкті әйелдер – 20 028, бала емізетін әйелдер – 63 270.



“АЛТЫН АЛҚА” ЖӘНЕ “КҮМІС АЛҚА” ИЕГЕРЛЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков ҚР Президентінің Жарлығымен «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алған көп балалы аналарды қабылдап, марапаттады.

—Сіздер еліміздің демографиясының өсуіне, халық санының көбейуі мен ұрпақ тәрбиесіне елеулі үлес қосып келесіздер. Өз атымнан сіздерге үлкен ризашылығымды білдіремін. Дендеріңіз сау, отбасыларыңыз аман болсын,- деді аудан басшысы. «Алтын алқа» алған аналар қатарында 7 бала өсірген Анарбекова Айнұр да жылы лебізін

білдірді.

—Бүгінгі алып отырған медальдарыңызбен құттықтаймын. Бәріміздің өсіріп отырған ұл қыздарымыз, Тәуелсіз еліміздің дамуына үлес қосатын азамат болсын,- деген тілегін жеткізді.

Марапат барысында 6 ана «Алтын алқа», 17 ана «Күміс алқа» иегері атанды. Жалпы, Созақ ауданында 818 «Алтын алқа», 1 120 «Күміс алқа» иегерлері бар.

«Созақ үні»-ақпарат.

Аудандық сотта конференция өтті



Ағымдағы аптада 2021 жылдың 12 айында атқарылған жұмыстардың қорытындысы бойынша Созақ аудандық сотында есеп берілді.

Созақ аудандық сотының төрағасы А.С.Дәуренбеков және жергілікті БАҚ өкілдерінің қатысуымен 2021 жылдың 12 айында атқарылған жұмыстардың қорытындысы бойынша баспасөз конференциясы өтті.

Аталған жиында Сот төрағасы А.Дәуренбеков сотта 2021 жылдың 12 айында қаралған істер бойынша сот төрелігін жүзеге асыру нәтижелері туралы баяндады.

Яғни, Созақ аудандық сотына 2021 жылдың 12 айында жалпы 515 - азаматтық, 50- қылмыстық, 269 - әкімшілік істер келіп түссе, ал 2020 жылдың осы кезеңінде 496 - азаматтық, 41 - қылмыстық, 487 - әкімшілік іс келіп түскен. Демек, қылмыстық істер 2020 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 9 іске, ал азаматтық істер 19 іске көбейгені бай-

қалады. Әкімшілік істердің саны керісінше 218 іске азайған. Себебі 2020 жылғы 15 наурыздағы енгізілген төтенше жағдайға байланысты төтенше жағдай режимін бұзу яғни, Қазақстан Республикасы ӘҚБтК-нің 476 бабымен 192 - әкімшілік іс түсіп, қаралған. Биылға бұл санаттағы істер қаралмаған. Татуластыру рәсімдері бойынша 2021 жылдың 12 айында азаматтық істер медиациялық келісіммен 76 іс аяқталса ал 2020 жылдың осы кезеңінде медиациялық келісіммен 74 іс аяқталған. Яғни, 2 іске көбейген.

Сонымен қатар, 2021 жылдың 12 айында медиациялық келісіммен-7 қылмыстық іс қаралса, ал 2020 жылдың осы кезеңінде 6 іс қаралған. 2021 жылдың 12 айында 64 әкімшілік іс медиациялық келісіммен аяқталса, 2020 жылдың осы кезеңінде 77 іс аяқталған. Демек, татуласу жылдан жылға көбейіп келе жатыр. Медиацияны дамыту, іске асыру мақсатында зиялы қауым

өкілдері, прокуратура, адвокатура, кәсіби және кәсіби емес медиаторлардың, жергілікті үкіметтік емес ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен 3 дөңгелек үстел, газет беттеріне 4 мақала жарияланған.

Ауданда билер кеңесі құрылған. Қазіргі таңда 25 билер жұмыстар атқаруда. 8 Кәсіби, 50 кәсіби емес медиаторлар жұмыс атқаруда.

Сондай-ақ, Созақ аудандық әкімдігінде медиация кабинеті ашылған, онда 2 кәсіби медиатор жұмыс атқаруда және ауыл әкімдіктерінде, Созақ аудандық сотында медиация кабинеттері бар. Қазіргі таңда еліміздегі пандемияға және төтенше жағдайларға байланысты сот отырыстары онлайн, атап айтқанда “WhatsApp” және “TrueConf” әлеуметтік желілері арқылы қаралып жатқаны туралы да айтып өтті.

Сонымен қатар, атқарылып жатқан іс шаралар заңнамаға енгізілген өзгерістер бойынша БАҚ-та және әлеуметтік желідегі парақшада мақалалар үнемі жарияланып отырады.

Жиынды қорытындылай отырып, сот төрағасы А.Дәуренбеков 2021 жылғы жоспарға сай атқарылатын жұмыстарды орындап, заң талаптарын қатаң сақтау қажеттігін атап өтті. Сондай-ақ, бүгінгі таңда азаматтардың сот процесіне онлайн қатысып және медиаторларға көптеп жүгініп, татуласу іс-шараларының мейілінше көп түрде өткізіліп жатқандығын айтты. Осылайша азаматтар өздерінің уақыттарын тиімді пайдалана алатындықтарын жеткізді.

Нұрсұлтан ҚАНАТҰЛЫ.

АУДАН ӘКІМІ АУҒАН СОҒЫСЫ АРДАҒЕРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Кеңес әскерінің Ауғанстан аумағынан шығарылған күніне орай ардагерлермен кездесті. Кездесуге аудан әкімінің орынбасары Ақәділ Сатыбалды, аудан әкімдігі жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Абдіуақат

айтты. Ауған соғысына қатысушы ардагерлерді емдеу сауықтыру, демалыс орындарына жіберілсе деген ұсынысын ортаға тастады. Аудан басшысы жергілікті бюджеттен қаржы қарап, ардагерлерге биылдан бастап демалыс орындарына жіберуді ұйымдас-



Бакиров, аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің басшысы Ернар Сағындық, аудандық аурухана бас дәрігері Талғат Қалдыбеков және БАҚ өкілдері қатысты. Құттықтау сөз сөйлеген аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков – Жастық жылдарыңызды от пен оқтың ортасы - соғысқа арнадыңыздар. Сіздердің отан алдындағы ерліктеріңізді өскін ұрпаққа үлгі. Оларға патриоттық тәрбие беру ісінде сіздердің еңбектеріңіз керек,- деді.

Кездесу барысында аудан Қорғаныс істер жөніндегі бөлім бастығының орынбасары, капитан Дархан Алтынбеков құттықтау сөз сөйледі. Сондай-ақ аудандық Ауғанстан соғысы ардагерлерінің «Ерлікке тағзым» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Бегалы Омарбеков бірқатар ұсыныс- пікірлерін

тыруды тиісті бөлімге тапсырды. Ауған соғысының ардагері Мұхаммеджан Бабаев аудан әкімдігі тарапынан қолдау жүргізіліп келе жатқанына ризашылығын білдіріп, алдағы жұмысқа сәттілік тіледі. Ауған соғысының ардагері Кәпберген Әбішбеков жылы лебізін арнап, барша қаруластарын бүгінгі айтулы күнімен құттықтады. Аудандық бюджеттен бір жолғы жәрдемақы төленіп, естелік сый-сиятап тапсырылды. Аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы ардагерлер тарапынан айтылған ұсыныстар назарға алынғанын жеткізіп, елдің бірлігі, жастар тәрбиесі жолында бірлесе жұмыс жүргізуге шақырды. Қазіргі таңда ауданымызда 18 Ауған соғысына қатысқан ардагері бар. Олар түрлі салада қызмет етіп келеді.

Орталық ауруханада болды



Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков аудандық орталық аурухана жұмысымен танысты. Аудандық орталық аурухананың бас дәрігері Талғат Қалдыбеков заманауи медициналық құрал жабдықтармен таныстырып, дәрігерлік бөлмелерді көрсетті. Дәрігерлік көмек көрсететін терапия, хирургия, педиатрия орталықтарын аралады. Гемодиализ орталығында болды. Дәрігерлер ұжымымен сөйлесіп, туындап жатқан мәселелерді сұрады.

«Аурухананың жылу жүйесіне, көпшілік тарапынын шағым көп. Біздің міндет халыққа қажетті жағдай жасау»,- деген аудан басшысы жылу жүйесін жүргізген мердігер компаниямен жұмыс жасауды тапсырды. Аурухананың жылу орталығында болып, бас дәрігері Талғат Қалдыбековке жұмысты жіті ұйымдастыру қажеттігін айтты.

«Созақ үні»-ақпарат.



Ерлікке тағзым

Т.Момбеков атындағы шағын жинақты жалпы орта мектебінде Алғашқы әскери технологиялық дайындық пәнінің оқытушы ұйымдастырушысы Жуаншалов Ерлан Өрікбайұлының жетекшілігімен Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 33 жыл толуына орай «Ерлікке тағзым» атты апталық ұйымдастырылды. Апталық барысында қабырға газеттері ілініп, «Ауғанстан жүректелі жара» тақырыбында кітап көрмесі өткізілді. Сонымен қатар, «Ерлікке тағзым» атты сурет байқауы ұйымдастырылды. Сынып жетекшілер «Жан жарасына айналған Ауғанстан» тақырыбында сынып сағаттарын өткізіп, оқушыларға Ауған соғысының ақиқаты туралы мағлұмат берді. Апталық барысында «Өткенін ескермеген өшеді, Өткенін қастерлеген өседі» деген қағиданы ұстана отырып, ауған соғысы ардагері, жалындаған жастық шағының жартысын оқ пен от ортасында өткізіп, еліне аман-есен оралған жауынгер Иманбердиев Сәкен Ұласбекұлымен кездесу кеші өтті.

Кездесу кештің мақсаты оқушыларға ауған соғысы жайлы толық мәлімет беру, ардагер ағалармен ашық әңгімелесу. Сондай-ақ, Ауған соғысында опат болған жауынгерлердің рухына тағзым етуге, есімдерін қастерлеуге тәрбиелеу болды. Кездесу кеші ең алдымен ауған соғысында ерлікпен қаза тапқан боздақтарды 1 минут үнсіздікпен еске алумен басталды. Ауған соғысы ардагері Иманбердиев Сәкен Ұласбекұлы Ауғанстан-

дағы әскери қызметі туралы естеліктерімен бөлісті. Ауған соғысына байланысты экран арқылы деректі фильм көрсетілді. 9–11 сынып оқушылары көкейлерінде жүрген сұрақтарына жауап алды. Олардың ішінде: «Елімізде Ауған соғысы ардагерлеріне қандай көмек көрсетіледі? Осы соғыс туралы түсіріліп жатқан фильмдер шындыққа жанаспады ма? Қазіргі әскерлердің қандай іс-әрекеттерін ерлікке жатқыза аласыздар?» деген сияқты сұрақтар болды. Ауған соғысының зардабы мен жауынгерлердің батырлығын дәріптейтін өлеңдер оқылды. Кеш барысында ардагер өз естеліктерімен бөлісе отырып, жастарды бейбіт, тыныш өмірдің бағасын білуге шақырды. Кездесу кеші оқушылар үшін үлкен тәрбиелік мәнге ие болды.

Ерлік-елдің туы. Ер қуаты-қару болса, ел қуаты-батырлары, сақадай сарбаздары мен сардарлары. Халық қашан да қаһарман ұлдарын пана тұтқан. Отан үшін күрес, ерге тиген үлес. Халықтың осы даналығы қайда жүрсек те, қашанда жүрек дәптерінде, сана сахнасында сақтаулы жүрсе, қазақ баласы азаматтық парызын адал ақтауды ұмытпас. Ауған қаһармандарын қадірлеп, құрметтеп, рух жасампаздығымен жаңарту біздің парызымыз!

**Е.ЖУАНШАЛОВ,
Т.Момбеков атындағы шағын жинақты жалпы орта мектебінің АЭТД пәнінің-оқытушы ұйымдастырушысы.
Тайқоңыр елді мекені.**

Балаларға қамқорлық көрсетті

Қаңтар айының қақаған сол бір күні Құмкент ауылындағы Алтынбековтер отбасының шаңырағына қақарлы аяздай ауыр сынағын алып келді. Шаңырақ иесі бір күнде ұлынан, қызынан, үш бірдей келінінен айырылып отыр. Бір шаңырақтан өрбіген өрімдей екі жас отбасы мүшелері жол көлік оқиғасы салдарынан бақилық болды. Сондарында Алланың берген сый періштелері, еш бір жағдайдан хабарсыз бейкүнә сәбилер қала берді. Бұл қайғылы жағдай естіген барша жанның қабырғасын қайыстырып, өкпесіне өксік әкелгені сөзсіз. Алла сабыр берсін, Құдай қолдасын дейсің. Аман жоқ. Алды сегіз жасар, соңы сегіз айлық бүлдіршіндерге әке шешенің орнын ешкім толтыра алмасы анық. Ия ата-әжелерінің қамқорында қалған балапандар еш нәрседен хабарсыз. Бейкүнә. «Әкешім, анашым Алматыдан бізге ойыншық әкеледі...» дейді. Еріксіз жас, жан дүниенің күңіренеді екен... Ия Алла балапандарға өмір берсін. Ащы болса да шындық қой, есе келе қыр гүліндей құлпырған қыздар анасымен бір сырласуды, сайдың тасындай жалындаған ұлдар әкесімен бір жүздесуді арман етіп өсері сөзсіз... Аман жоқ. Балапандардың ата-әжелері кең жүректі жандар екен.



Жетімдікті білдірмей, сездірмеуге тырысар. Дегенмен оңай емес. Сол кісілерге Алла өмір берсін, денсаулық берсін, қуат берсін, сабыр берсін. Ойламаған жерде жарынан айырылған жас жігіт ағасына Алла сабыр берсін. «Тас түскен жерінде ауыр» дейді. Аудандық «Бақ-Нұры» іскер әйелдер қоғамдық бірлестігінің белсенді мүшелері, қайғырып отырған отбасының қазасына қайғыра көңіл-ниеттерін білдіріп, қаржылай көмек, демеулерін ұсынды. Сонымен қатар, қоғамдық бірлестіктің белсенді мүшесі «Балдырған» бала бақшасы-

ның меңгерушісі Таңсық Бимырзаева жайма-шуақ жалғанда әке шешеден, анандан айырылған бес бүлдіршінді балабақшаға тегін қамқорлыққа алды.

Әрине, дүние ешқандай қайғыға қалқан болмасы анық. Десекте, көңілге аз да болса демеу болар дедік. Қайырымдылыққа өз үлестерін қосқан бірлестіктің белсенді мүшелеріне Алла разы болсын. Аман болайық ағайын.

**Нұржамал МАЙУСОВА,
«Бақ Нұры» іскер әйелдер қоғамдық бірлестігінің төрайымы.**

Республикалық пәндік олимпиаданың аудандық кезеңі басталды

Сөзақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық пәндік олимпиаданың аудандық кезеңі бастау алды.

Білім бәсекесінің аудандық кезеңі жаратылыстану-математикалық, қоғамдық-гуманитарлық бағыттардағы 16 пән бойынша санитарлық талаптарды қатаң сақтай отырып, офлайн форматта өткізілуде.

Олимпиаданың алғашқы күнінде биология пәнінен 40 оқушы, информатика пәнінен 30



оқушы бақ сынады.

Биылғы олимпиаданың басты ерекшелігі-оқушылар «1 оқушы, 1 компьютер, 1 камера» қағидасы бойынша «Oqylyq.kz» платформасы арқылы жүргізілуде. Сонымен қатар, олимпиада кезінде ашықтық пен академиялық адалдықты бақылау үшін мүдделі емес «үшінші тұлғалар», яғни «Adalduq alany» жобалық кеңсесінің қызметкері, ата-аналар комитетінің өкілдері және БАҚ өкілдері шақырылды.

Н.ШЕРТАЕВ.

Апталық

Түрлі-түсті түстер әлемі

Бала дегеніміз-болашақ, деген екен француз жазушысы Гюго Виктор Мори. Бала періште дейді. Олардың пейілі ниеттері қандай тұйық болса, көңілдері сондай мөлдір. Бүгінгі күнде ел болашағы кіп кішкентай бүлдіршіндердің сапалы білім мен саналы тәрбиесіне байланысты. Сол білімнің көзі балабақшадан басталады. «Айшуақ» бөбекжай балабақшасында 24-28 қаңтар аралығында «Түрлі түсті түстер әлемі» тақырыбында апталық болып өтті. Апталықтың мақсаты-түр-

лі-түсті бояуларды пайдаланып, балаларды сурет салуға деген ынтасын арттыру. Апталықтың ашылу күні балабақша мамандары флэшмоб ұйымдастырып, түрлі түстермен әсем безендірілген балабақшада тәрбиешілерге тамаша көңіл күй сыйлады. МАД «Қызғалдақ» және «Күн-шуақ» топтарында теңіз әлеміне саяхатқа шығып балалар түспен танысса, ересек топтарына «жасыл орманға саяхат» тақырыбында, ортаңғы топтарға ақ түс «Қыс қызығы» тақырыбында, кіші топ-

тарға сары түс «Әрқашан күн сөнбесін» тақырыбында және дене шынықтыру мамандарына қызыл түсте «Қалаларға саяхат» тақырыбында оқу қызметін қызықты етіп ұйымдастырды. Ерте жас топтарында да осындай тақырыпта түрлі оқу қызметін ұйымдастырған балабақша ұжымы әрдайым келешек ұрпақтың тәрбиелі болуы үшін қызмет етіп келеді.

**Ұ.САҒЫНДЫҚОВА,
бейінді оқытушы, «Айшуақ» бөбекжай-балабақшасы.**



Бала күнімізде жырларын жаттап, әңгімесін естіп өскен Құлжабай көкемді бүкіл ел құрметтейтін. Елге қонақ келсе, әуелі сол кісіге жолықтырып сұхбат құрғызатын. Саз сырнайды қолға алып, ақын көкеміз жырларын төгіп-төгіп жіберетін. Ақын көкеміздің шаңырағында жиі болып ол кісінің тұщымды, мағыналы, тәрбиелі тәмсілдерін өз аузынан көп тыңдап, естігенімді қазір мақтанышпен айтар едім. Ол өте балажан, көпшіл кісі еді. Жүзінен, мейірімнен үнемі шуақ төгіліп тұратын.

Жастайымнан жазу-сызуға жақын болғаннан кейін бе ауылдағы өнерге, жазушылыққа құмар кісілерге барып сұхбат құрғанды жақсы көретінмін. Сондай әңгімелесудің барысында Құлжабай ақынның өмірдегі қанықтымы. Құлжабай Төлеуов өткен ғасырдың басында дүниеге келген. Болашақ ақынның жастық шағы кеңес өкіметінің жаңадан қалыптаса бастаған кезеңінде өтеді. Өзінің айтуынша, жетім қалған панасыз бала нағашысының қолында өсіп, тәрбие алады. Кіндік қаным Қызылкөл елді мекенінде тамды деп



нына түйіп өседі.

Болашақ ақын қой бағып жүрген кезінен бастап ақындыққа қатты құмартады. Шабыты келген кезде кең даланы әнге бөлеп, өлеңдерін әуенге қосып шырқап жібереді екен. Мұны естіген ауылдастары түбінде осы баладан ақын шығады деп үміттенген. Расында да дуалы ауыз қариялардың айтқандары айдай келіп Құлжабай «Бала ақын» атанады. Шығарған жыр шумақтарын мақамға салуға көп еңбектенетін. Өлеңдері көңілге қонымды, жүрекке жылы тиіп жатады.

Енді ақын өлеңдерін ширатып, мәнерін, мақамын шыңдап, дамыта түседі. Қолынан тастамай қисса, дастандарды оқиды, жаттайды. Олардан өлең-жырдың мәнін ұғынады. Ауыз әдебиетінің тұнық мөлдір нәрімен сусындайды. Шортанбай, Дулат, Нұралы, Құлыншақ, Шәді төре, Молда Мұса сияқты ақындардың өлеңдерін оқып, үйреніп, өзі де соларға ұқсап жыр шумақтарын құрайды.

Табан астында өлең шығаратын қасиет бойына дарығанын сезген

лаға,

*Халыққа пайдамызды тигізетін,
Бізге де бір жақсылық айнала ма?»*
Арқалы ақын табиғаттың тылсым сырларымен іштей ұғысып, жүрегіне ерекше сезім нұрын қабылдайды.

Кезінде ақын автоклубпен шопан ауылдарын аралап жүріп, олармен етене араласқан. Еңбек адамдарының бейнетті тіршілігін жырына арқау етті.

Тауда да, құмда да, Бетбақтың даласында да олармен бірге жүрді. Міне осындай сапарлары кезінде төрт түлік малға жазда жайлау, қыста қыста болған Үшкөкшенің құмын аралап, малға азық болған алуан түрлі, жұпар иісті шөптерін өлеңге қосып, жырлады.

Сексеуіл, жыңғыл, жүзген, қарабарқын,

Көресің шөптің мұнда сан абатын.

*Үкідей үлбіреген, селеу, жусан,
Жеген мал семіретін, нәр алатын.*

Айтыпты жаужұмырын құмғандай деп,

*Ақынмен айтысқан Санақ ақын,
Құс қонбас, түйесіңсіз, изен,
ақбас,*

Арқалы ақын

айтып отыратын. Дүниеге енді келген кезінде анасынан, бір жасқа толғанында әкесінен айырылады. Жастайынан жетімдік тауқыметін тартқан, ата-анасының аялы алаңында балалық күндерін өткізбеген жетім баланың тағдыры тауқыметпен өтеді. Бұғанасы қатпай жатып еңбекке араласады. Қой бағып, тірлікке ерте араласады. Бұл жайында ақын «Жетілмеген жетім» өлеңінде былайша толғайды:

*Бесікке шешем бөлеп құндақтаған,
Бұл үйде мен сияқты тумапты адам.*

*Алты айда анашымнан ажыраппын,
Қатаймай буыным да бұлғақтаған.*

*Ақ сүтке емін еркін жарымадым,
Әйтеуір біреуі мен жаны бардың.*

Үстіне жығылғанның жұдырық деп,

Әкешімнен бір жасымда тағы қалдым,-

деп өзінің бала кезінде көрген қиындықтарын жырына арқау етеді.

Ақынның балалық балғын шақтары қиындықпен мал бағумен өтеді. Осындай бір қой бағып қиындық көріп жүрген кезінде жетім бала Арқадан Күнгейге бет алған керуеншілерге кездесіп қалады. Олар: «Қалада жетімдердің мектебі бар, мына қойды тастап, соған барып оқымайсың ба?»-деп бұған ақыл айтады. Көңілі жарым жетім бала мына азаптан құтылайын деп ой түйеді. Әлгі кісілерден жол жоба сұрап алып, олар айтқан мектепке барып оқып, білім алуға ықыласы ауады. Білім алсам, жетілсем, көп қиындықты жеңермін деп ойлайды. Алға қойған мақсат шыңына жетудің басты жолы білім алу екендігін жақсы түсінеді. Бала күнінен армандаған, көңілін көптен бергі мазалап жүрген ойынан шығатын мына игі тірлікке шын ықыласы ауады. Ойлана келіп, Шымкентке баруды шешеді. Қалаға барып жетімдер үйін іздеп, тауып алады. Құлжабайдың жай-күйімен әбден танысқан мекеме басшылары қабылдауға келіседі. Жетімдер үйіне қабылданған күннен бастап Құлжабай сабақты жақсы оқып, өзі құралпы балалардан озық болып танылады. Тәртіпті, зерек баланы мұндағылар да бауырларына тартып, жақсы көреді. Ұстаздары да алғыр жастан көп үміт күтеді. Білім алып, бастауыш мектепті үздік бітірген Құлжабай 1927 жылы туған жері Қызылкөлге қайтып оралады. Елге келген соң халықтың сауатын ашу жұмысына белсене кіріседі. Ауылдағы ағарту

ісінің бел ортасында жүреді. Сол жылдардағы ауданда болған өзгерістер, оқиғалардан тыс қалмай Құлжабай Төлеуов оған өзінің үлесін қосады. Колхоздастыру, совхоз ұйымдастыру жұмыстарының бел ортасынан табылады. Сол құрылған шаруашылықтардың нақандық жұмыстарына белсене араласып, істерінің өнімді жүргізілуіне үлес қосады. Еңбекшілердің рухани, мәдени дамуына атсалысады. Алғашқыда Қызылотауда, кейін автоклубты басқарады. Елу жылдай мерзімде екінші тың ерлері атанған малшы—шопандар қауымына мәдени қызмет көрсетіп, тауда, құмда, жазғы жайлауда бірге жүреді. Бетпақ дала мен Мойынқұмның барлық өңірін аралап, еңбек адамдарымен қоян-қолтық араласады. Олардың тұрмыс-тіршілігін жырға қосады. Өнер адамының жүрген жері арқашанда ән мен жырға, думанға толы болады ғой. Сол еңбек адамдарына рухани байлық сыйлауда ақын аянбай тер төгеді. Саз сырнаймен даланы әнге бөлеп, шопандардың жүректеріне әсем әуенмен өрнек салады. Жақсы еңбек еткендердің жұмысын мадақтаса, жалқаулардың ісін сын садағымен түйрейді. Жұмыстан шаршап жүрген жандардың мерейін тасытып, еселі еңбек етуге шақырып, жыр толғауын толғайды. Ақынның керемет жырлары еңбеккерлердің көңілін көтеріп, еңбекте табысқа жетуге үндейді. Малшылардың қайнаған еңбегінің бел ортасында жүрген ақын көптеген игі істерге бастамашыл болады.

Қ.Төлеуов басқарған автоклубтың озық іс-тәжірибесі кітапша, плакат болып басылып республика аумағында басқа да мәдениет қызметкерлеріне үлгі ретінде кең көлемде насихатталады.

Елі үшін еткен еңбек ақынның тынымсыз атқарған жұмыстары басылық тарапынан ескерусіз қалған жоқ. Сол кезеңдерде ол Қазақ ССР-нің Құрмет Грамотасымен, медальдарымен, СССР мәдениет министрлігінің грамотасымен, бағалы сыйлықтармен марапатталды. 1967 жылы Еңбек Қызыл Ту орденін иеленді. Ақынның шығармашылығынан туған ескен өңір, еңбек адамдары, жеткен жетістіктер туралы жазған туындылары сол кездегі «Социалистік шаруа» аудандық газетке, сондай-ақ, облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газетіне жиі жарияланып тұрды.

Құлжабай ақындықты бала кезінен бастайды. Жас шағынан ауылдағы көнекөз қариялардың әңгімесін естіп, хисса-дастандарды жаттап, жа-

Құлжабай қатарлас аға-інілері Желеу Жақыпов, Көлбай Әлімбетов, Айнабек Нысанов, Айтбай Белгібаев, Көпбай Омаров, Қалдыбек Әлімқұлов, Өмірсерік Қалдыбаевпен сөз қағыстырып, өзінің талантын танытады.

Көп жылдан бері жазып жүрген жырларын Құлжабай Төлеуов 1958 жылы баспаға ұсынады. «Оңтүстік Қазақстан ақындарының айтысы» деген жинаққа өлеңдері шығады. Одан кейін «Пернедегі термелер», «Айтыс», «Шұғыла» жинақтарына бірнеше өлеңдері кіреді.

Ақындар негізінен өлеңдеріне туған жері, өскен ортасы жайлы жазып соны арқау етеді емес пе? Құлжабай ақын өлеңдерінде осы тақырыптар кеңінен қамтылған.

Мәселен ол «Кеше мен бүгін» атты жырында Теріскей өңірінің бұрынғы өмірі мен кейінгі өмірін салыстыра жырлап, «Созақтың ауданы боп атақ алдың, жылында мың тоғыз жүз жиырма сегіз» деп толғайды. «Шолаққорған» атты жырында:

Көмейден көркем сөздің кілтін аштым,

Аққан сел арнасынан келсін тасқын.

Бойға күш, ойға қуат, шаттық берген,

Осы күні мерекесі кәрі, жастың.

Осында мекен еткен ата-бабам,

Олардан қалған емес қатар адам.

Туған жер-топырағым Шолаққорған,

Кем көрмен ақ сүт берген ата-анамнан.

Бір кезде егесі жоқ иесіз дала,

Көшпенді ел болған емес баста пана.

«Ақтабан шұбырынды» дәуірінде,

Осы жер аталатын Шолаққорған,-

деп жыр маржанын төгілдірді.

Бұл өлеңінде ақын жер мен елдің табиғатын, көркем де сұлу келбетін, тылсым терең табиғатын жырға қосады.

Ал, ақын «Қазыналы Қаратау» атты өлеңін жоғары дәрежедегі шығармашылық шабытпен:

«Қаратау туған жерім» топырағым,

Өзіңнен өсіп-өнген қолтумаңмын»

деп толғайды.

«Ақсұмбе» «Айғырұшқан», «Сауысқанды»

Қозғалып бір орнынан ауыспады.

Көре алмай күннен жарық, айдан сәуле,

Жаңғырып бір-біріне дауыстайды,

«Қаңқайтып жаралыппыз айда-

*Балық көз, түйеқарын, әжік, илан,
Шипалы шөп ғалымдар дәрі алатын,-*

деп жырға қосады.

Сезімтал ақын жүрегі жылт еткен жаңалықты қалт жібермейді. Өзіне әсер еткен құбылысты тез арада жыр жолымен өрнектеп жібереді.

Туған жер, кіндік қаны тамған жеріне де жыр арнайды. Қасиетті Баба Түкті Шашты Әзіз мәңгілік тыныстаған өңірдің тарихын өлеңге қосады.

«Күнде келсем сиқырлы сыр тыңдаймын,

Жазылмаған өзгеше жыр тыңдаймын.

Еліме, саған берер сертім осы,

Туған жерді, жырлаудан бір тынбаймын»,-

дейді.

Автоклубымен ауыл тұрғындарына мәдени қызмет ете жүріп ақын Құлжабай Төлеуов сол кездегі аудандық «Молшылық үшін» газетіне екінші тың ерлері шопандар туралы мақала, суреттеме, репортаждар көптеп жазып тұрған. Аталған дүниелері еңбек адамдарының мерейін өсіріп, құлшыныстарын арттырған.

Бала күнімізде аудандық «Молшылық үшін» газетінде Құлжабай Төлеуов деп авторын қойған мақалалар көптеп жарияланатын. Газеттің әрбір санында ол кісінің жазғандары жарияланып тұратын. Ойлы, мазмұнды мақалалары оқырмандар тарапынан жақсы бағасын алып жататын.

Құлжабай ақын жазуға келгенде өте еңбекқор еді. Тынбай еңбек адамдарымен кездесіп, әңгімелесіп сұхбат жасайтын.

Табиғатынан Құлжабай атамыз өте қарапайым, ашық мінезді, кішіпейіл, ақкөңіл, бауырмашыл, жомарт жүректі азамат еді. Ескі хиссаларды тарихи әңгімелерді көп айтатын. Өкініштісі ол кезде таспаға жазып алу мәселесі қазіргідей оңай болмайтын. Расын айтқанда бүгінгідей диктафон жоқ.

Ол кісінің еңбек адамдары жайлы жазған жазбалары өте көп болатын. Мәселен, «Қарттарым», «Достар», «Жылқышы», «Кер жорғалы келіншек», «Шопан жігіт», «Шопан қыз» атты өлеңдері өзінің ауылдастарына, Созақ ауданының майталман малшыларына арналған.

Жас шағында ақын қисса-дастандарды көп оқып, жүрегіне тоқыған. Соның әсерінен Құлжабай дастан жазуға біртіндеп келе бастайды.

Ақынның шығармашылығынан туындаған «Үміттің өлімі» дастаны шоқтығы биік дүние.

Заңғар жазушы Мұхтар Әуезов елге келгенде осы дастанды ақынның өз аузынан естіп, ерекше ықыласпен тыңдап, жоғары бағасын берген. Дастанның оқиғасы расында да шынайылығымен оқырмандар жүрегінен орын тапты. Шығарманың оқиғасы Бабата ауылында болған.

Дастанда сол кездегі ауыл бейнесі, әлеуметтік теңсіздік, би-болыс, бай-саудагерлердің озбырлығы, олардың злымдық әрекеттері, ескі мен жуанның күресі шынайы суреттелген.

Шығармаға жалғыз үйлі кедей шаруаның қызы Үміттің тұрмыс-тіршілігін, ой-санасын, ата-анасын, көрші-қолаңдарының мінез-құлқын, ауылдардың көне салтын арқау еткен.

Ұлттық салт-дәстүр: қыз ұзату, келін түсіру, қдалық, күйеу кәдесіне қатысты жәйлар керемет суреттелген. Сондай-ақ, дүниеқоңыз әкенің, қамқор ананың, змиян саудагердің, жел өкпе жеңгелердің, жемқор молдалардың, тасбауыр бидің, қанішер жеңдеттердің бейнелерін ақын жыр тілімен әдемі аша білген. Дастанда суреттегендей Үмітке шешесі Ұлтуғаннан басқа да жаны ашығандар айтылады. Бұлар Боранбай мен оның жолдастары, тағы да басқа бір топ адамдар. Әйткенмен де олар ешнәрсені өзгерте алмайды. Десе де төңкерістің дүмпуі Созаққа да жетеді. Бұл сәтті ақын:

«Желбіреген Қызыл Ту октябрьдің,
қолына билік тиді қосшы-қолдың»-деп

жырлайды.

Дастанда әрмен қарай оқысаңыз Үміттен қалған жалғыз ұл Естай ержетіп, есейіп, қатарға қосылады. Үміттің өліміне қатысты бар қылмыскерлердің бәрі қамауға алынып, қатаң жазаға тартылады.

Қанқұмар қорқаулардың тамырына балта шапты,

«Асқанға тосқан» деген бар емес пе?

Әділдік ақынның да, орнын тапты, деп жырлайды ақын.

Өмірде болған оқиғаның ізімен жазылған дастанның оқырмандардың көңілінен шығуы оның шынайылығынан болса керек.

М.Әуезов осы дастанның негізінде «Алуаның ажалы» деген шығармасын жазады.

Қ.Төлеуовтің көлемді дастандарының бірі-«Жетілген жетім».

Ақынның бұл шығармасында өзінің өмір жолы жыр тілімен өрнектеледі. Балалық балғын шағы, қызықты ұмытылмас сәттер әдемі суреттелген.

«Сырнаймен үн қосқан асқақ әнім,
Төріне талай бардым астананың.

Облыста атанып халық ақыны,
Айтысты да сан рет бастағанмын,-

дейді ақын өмірбаяндық дастанында. Кезінде Қ.Төлеуов республикаға аты белгілі айтыскер ақын болды. Саз сырнаймен шабыттана отырып жыр шумақтарын төгіп-төгіп жіберетін.

Сол уақытта Созақ пен Шаян аудандары дәстүрлі социалистік жау-

рысқа түсетін. Екі ауданның ақындары Құлжабай Төлеуов пен шаяндық Айнабек Нысанов екеуі бір-бірімен жиі қарым-қатынас жасап, сөз қағыстыратын. Ақындар екі ауданның жетістіктері мен кемшіліктерін тізіп, дәстүрлі айтыстарына арқау еткен. Жыр дүлдүлдері алдын ала аудандарға келіп, елдің тыныс-тіршілігімен танысқан.

Айтыс үстінде айтыскер ақындар жыр несерін төгіп, тыңдармандарын рухани сусындатқан.

Сол кездерде ақындар халықтың бүкіл тыныс-тіршілігін жыр шумақтарымен өрнектеп отырған. Ақындардың қозғауымен көптеген кемшіліктер де ретке келтірілген. Ақындар қауымы сол уақыттарда ағартушылық қызметті де қоса атқарған.

Кезінде Құлжабай Төлеуов шәуілдірлік Пернебай Ысмайловпен, Шайқын Қасымбековпен, сондай-ақ, жерлес ақындар Шәмерден Бекжановпен, Зейнетай Ершіліковпен, Насыр Жәрімбетовпен аламан айтыс жасаған.

Қызылорданың ақтаңгер ақыны М.Көкеновпен 1972 жылы сөз сайысына түседі. Жыр алыбы Жамбылдың 125 жыл толуына байланысты Алматыда өткен республикалық айтыста Торғай облысынан келген ақын ана Бақытжамал Оспановамен айтысады.

Арқалы ақынның жазған, айтқан өлеңдеріне өзі туып өскен Теріскей өңірінің тарихы, ел шежіресі арқау

болған. Қай шығармасын алып қарасаңызда ауданның өткен тарихы, кеңес дәуірі кезіндегі ауылдың тыныс-тіршілігі өмір өткелдері жыр жолдарымен өрнектелген. Ақын кезінде елге, аудан халқына өзінің шалқар шабытынан туған өлеңдерін арнап, халықты еңбек етуге, елге қызмет етуге үндеп отырды.

Құлжабай Төлеуовтің көп жылдар бойы жазып жүрген өлең, дастандары, айтыстары жинағы жинақталып 1991 жылы «Туған жерім-Созағым» деген атпен кітап болып шықты.

Жырдың саф алтындай маржанын топтастырған бұл кітап халықтың рухани байлығына айналып, елге қызмет етіп келеді.

Тамырын тереңге жайған биік бәйтеректей ақын өмір жолында өнегелі із қалдырды. Орынкүл анамыз екеуі ұл-қыздарын тәрбиелеп өсіріп, қанаттандырды. Олардан немерешөбере сүйді.

Кезінде айтыскер ақын Әселхан Қалыбекова апамыз арнайы Қызылкөлге келіп Құлжабай ақыннан бата алған. Көзі тірісінде Әселхан:

«Құлжабай көкем менің рухани әкем ғой. Ол кісіден мен бата алғанмын. Сол батаның арқасында мен бүкіл елге танылдым,-деп еді.

Бүкіл ғұмырын өнерге арнаған Құлжабай Төлеуовтің тұлғасы жылдар өткен сайын биіктей түсетіні анық.

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.

Діннің радикалдануы—қоғамға төнген қатер

Діннің адамзат баласының өмірінде алатын орны айрықша. Әлемде сан мыңдаған діни сенім-наным, конфессия, дәстүрлі және әлемдік дін бар. Олардың пайда болуы, қоғамға ықпалы, ішкі канондары, өзара қарым-қатынасы, әлемдік және жергілікті саясатқа ықпалы, өзгелер тарапынан мойындалуы немесе танылуы бір-бірінен әрқилы және өзіндік айтарлықтай ерекшеліктері бар. Діннің адамды жақсылыққа, ізгілікке, бауырмалдыққа тәрбиелейтін тұстары өте көп. Алайда діннің канондарын өзінің теріс мақсатына пайдаланып, сананы теріс манипуляциялау арқылы елді, қоғамды адастыруға тырысатын және іс жүзінде үлкен зорлық-зомбылық жасауға дейін жеткізетін топтар немесе жекелеген адамдар бар.

Адамзат баласы сан ғасырлар бойы діни радикализмнен зиян шегіп келеді. Діннің радикалды сипатқа ие болуы ол діннің түріне, атына байланысты емес. Сол дінді өзінің саяси, экономикалық, ұлттық, әлеуметтік сипаттағы жымсықы мақсатына пайдалануды көздейтін жекелеген топтар мен адамдарға байланысты. Діни пайымдар мен шарттарды радикалды мақсатта пайдаланудың соңы экстремизм мен терроризмге ұласып жататынын әлемдік жағдай көрсетіп келеді. Жалпы, әлемдік өркениеттер ұзақ жылдар бойы қалыптасқан өмірлік құндылықтар мен тарихи оқиғалар аясында түзіледі. Ғасырлар бойы бір жерде қалыптасқан рухани құндылықтар, салт-сана, көзқарастың оңайлықпен өзгеріске түспейтіні айқын, өзгеріс болған күннің өзінде белгілі бір деңгейде рухани және қарулы қақтығыстардың орын алуына әкеліп соғуы әбден мүмкін. Өйткені үйреніскен, қалыптасқан құндылықтардың адам санасынан, қоғамдық өмірден оңайлықпен ажырамайтыны жасырын емес.

Әлемдік тарихта діни радикализм көріністері тек белгілі бір дінге ғана қатысты орын алған жоқ. Діни ксенофобия факторынан туындаған алапат соғыстар да аз емес. Оған VI-VIII ғасырлардағы араб шапқыншылықтары, одан кейін қарымта қайтару мақсатында пайда болған Реконкиста, XI-XV ғасырлардағы әйгілі Крест жорықтары, Еуропада орта ғасырдың соңында католиктер мен протестанттар арасындағы, сондай-ақ протестанттық ұйымдар арасында орын алған сансыз қақтығыстар, Отыз жылдық соғыс, Үндістан мен Пәкістан арасындағы киікшіл, XX ғасырда ұшыққан және бүгінге дейін жалғасып келе жатқан Таяу Шығыстағы Палестина мен Израиль арасындағы қарулы қақтығыс, Израиль мен Иран арасындағы келіспеушілік, ислам дінінің ішіндегі шиит, суннит сыйды бағыттар арасындағы пікірдегі әралуандық пен қарулы қақтығыстар бұл сөзімізге айқын дәлел.

Қазақстанда этникалық құрамы жағынан қазақтар басым тұрғанымен өзге де этникалық топтардың аз емес екені белгілі. Олардың да өзіне тән тарихи діни наным-сенімдері бар.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Дін істері комитетінің ресми дерегіне сүйенсек, елімізде 18 конфессия бар. Атап айтқанда олардың ішінде ислам, православие, католицизм, елуіншілер, баптистер, менониттер, пресвитериандар, жетінші күн Адвентистері, лютерандар, методистер, жаңа апостолшылар, мормондар, Ехоба куәгерлері, кришна санасы қоғамы, бахиллар, иудаизм, буддизм, муниттер бар. Ал ел көлемінде ресми тіркелген діни бірлестіктердің жалпы саны—3834. Жоғарыда аталған конфессиялардың бір-бірінен ерекшеленетін өзіндік ұстанымдары, қағидалары бар.

Бұл ретте, тәуелсіздік жыл-

дары діни радикализм көріністері, деструктивті діни ағымдардың теріс ықпалы Қазақстанды да айналып өтпегенін айта кеткен жөн. Қазақ халқы ежелден ислам дінін ұстана-тындықтан елімізге негізінен тәуелсіздіктен кейін шетелден келген ислам дініне қатысты радикалды көзқарастар, ағымдардың қызметі тән саналады. Сан ғасыр халқымыздың дәстүрлі құндылықтары мен ислам дінінің канондары біте қайнасып, бүгінге дейін жеткенін тарихтан жақсы білеміз. Алайда Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан кейін көбінесе Араб түбегінен, Таяу Шығыс елдері мен Кавказдан келген деструктивті діни ағымдардың ықпалы артты. Осылайша қысқа уақыттың ішінде қазақ халқының байырғы уақыттан бері ұстанып келген қағидаларына, дәстүріне қатысты түрлі келіспеушілік пен дүрдараздық пайда болды. Ол әсіресе ислам дінінің қағиларын, шарттарын аса радикалды мағынада қабылдап, қазіргі зайырлы мемлекеттің заңдарына шекеден қарайтын, оны қабылдауға, мойындауға қарсылық танытушы уахабизм, Таблиғи жамағат, Хизб-ут-Тахрир, Джунд-аль-Халифат, тәкпіршілер, сәләфиттер, сопылықтың кейбір ағымдары діни бағыттар арасында жиі көрініс тапты.

Қазіргі күнде аймақтағы діни радикализмнің қанат жаюына осындай бағыттағы ағымдардың идеяларының таралуы себеп болғаны жасырын емес. Тәкфір және жиһад ұғымдарын ту еткен осындай деструктивті ағымдардың салдары әсіресе 2013-2015 жылдары өте анық көрінді. Осы кезеңде әлемде бейбітшілік пен сан түрлі ұлттар мен діндердің келісім тапқан ортасы ретінде танылған Қазақстанды «дінді өтеуге еш мүмкіндік бермейтін ел» ретінде тәркі етіп, соғыс өрті лаулаған Таяу Шығыс пен Солтүстік Африка елдеріне «Ислам мемлекетінің» содыр-

ларының «халифатын» іздеп кеткен қарақөздеріміздің саны күрт өсті. Әсіресе соңғы он жылда алыстағы Сирияға «дінді қорғау» деген сылтаумен аттанып, тек өзі ғана емес отбасын, бала-шағасын ертіп, шетел асқан қандастарымыз көбейді. Бұл теріс саяси сипаттағы діни идеологиямен уланған сананың айқын көрінісі болса керек. Мемлекеттік органдар тарапынан бірнеше рет ұйымдастырылған «Жу-сан» операциясы арқылы олардың көпшілігі елге қайтарылды.

Бұдан бөлек Қазақстанда протестанттық христиандықтың арасында да көп дау туғызған ұйымдар да жоқ емес. Ол әсіресе тәуелсіздіктен кейін елімізде пайда болып, өз қатарына түрлі тәсілмен көбінесе этникалық қазақтарды тартқан ұйымдар арасында байқалды. Мұндай дау әсіресе ресми тіркелсе де азаматтар арасында, БАҚ беттерінде жиі көтеріліп келген бірқатар протестанттық ұйымдарға тән. Осындай діни наным-сенімнің қазақ халқының тарихи қайшылықтарын дүниетанымына қайшы келгендіктен отбасы тырқынығы бұзылуы, қоғамда шерік пікірлердің қаптап кетуі жиі байқалды. Оның ішінде, қан беруге тыйым салу, әскерде Отан алдындағы борышын өтеуді қажетсіз санау, сан ғасырлық дәстүрлі мансұқтау, адамды өз отбасынан алшақтату сынды себептер аталған діни ұйымдарға деген сын-пікірдің өршуіне әкелді.

Бұл Қазақстанның этносаралық және конфессияаралық татулықты қамтамасыз етуге арналған негізгі ұстанымына қайшы келеді. Қазақстан тек өз ішінде ғана әлемде діндердің, түрлі конфессиялардың арасында бейбіт келісімнің, өзара тату қарым-қатынастың орнығуына мүдделі екендігін білдіріп, 2003 жылдан бастап Нұр-Сұлтан қаласында әр үш жыл сайын Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыла-

рының дәстүрлі съезін өткізіп келеді. Бұл басқосуларға әлемдегі ең ірі діндердің көшбасшылары мен беделді саясаткерлер және БАҚ өкілдері қатысып келеді. Әр съезде әлемнің әр қиырынан, түрлі дін мен конфессиядан тарайтын делегаттар әлемдегі сенімге, дінге, қатысты түйткілдерді шешу бағытында өзара келіссөздер жүргізіп, дүйім жұртқа бейбітшіл мазмұнда үндеу жолдауда. Бірін бірі сан ғасырлар бойы жау көріп, араз болып келген көптеген дін лидерлері Қазақстан астанасында бір үстелдің басына жиналып, бір-бірімен диалог құруды дәстүрге айналдырды. Мұны еліміздің әлемде бейбітшілік қалыптастыру және діни радикализм үрдістерінің алдын алу бағытында қолға алған маңызды бастамаларының бірі деп санауға болады.

Қазақстанда діни радикализмнің етек жайып кетуіне байланысты 2011 жылы 11 қазанда «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заң қабылданды. Осы заң арқылы елдегі барлық діни бірлестіктер ресми қайта тіркеуден өтуге мәжбүр болды. Сондай-ақ, миссионерлерді тіркеу үрдісі реттеліп, олардың бұрынғыдай көшеде, қоғамдық орындарда емін-еркін дінді насихаттауына және көшелерде діни мазмұндағы кітаптарды таратуына сыйым салынды.

Қорыта келгенде, радикалды діни идеялар қоғамдағы тыныштықты бұзатыны әлдеқашан дәлелденген. Ғылым мен білім салтанат құрған XXI ғасырда дінді ақылмен, байыппен және қазіргі заманның қалыптасқан шарттарымен қатар ұстанбаса радикалды көңіл-күйге әкеліп соғатыны анық.

М.САЛИХОДЖАЕВ,
Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің Жетісай ауданындағы дінтанушы маманы.

Ақпанның 16 күні редакциямызға Созақ (Қазақ) спортына әбден еңбегі сіңген жаттықтырушы Құдияров Тағабек (Толик) ағайдың сырқаттанып, аудандық ауруханаға түскені жайлы ақпарат келіп түсті. Ақпарат иесінің айтуынша, Ақпанның 13 күні бүкіл Созақ жұртшылығы Толик ағай есімімен танытын Тағабек ағайымыз 70 жасқа толыпты. Мерей жасын отбасы, жақын туыстары және жора жолдастарының арасында атап өтсе керек. Кіріп- шығып жүріп, суықтап қалғанға ұқсайды. Ақпарат иесінің әрине аты- жөнін көрсеткіміз келмеді. Себебі, ол кісінің ниеті әйтеуір 70 жылда бірінші рет төсекке таңылған жолдасына моральдық тұрғыдан қолдау таныту еді. Өзі: «шынайы дос қуанышта қасыңнан табылғаны емес, басыңа бір іс түскенде қасыңнан та-



Сол кезеңдерде әрбір қазақтың баласына арман поромға, пороходқа мінген. Үлкен театрларға, эрмитаж, музейлерге барған. Керемет қой! Меніңше, Шалқарды Шалқар еткен, Толик ағайлардың да мықты спортшы, шебер жаттықтырушы болуына Таужан ағайдың осы бір игі істері себеп болған ғой. Бұл кезде әлі ауданымызда аудандық БЖСМ құрылмаған болатын. Сол аудандық БЖСМ-нің міндетін сол уақыттарда нақ осы Алтынсарин мектебі атқарып тұрған ғой».

Таужан ағай: «Мен Бақтыбайдың сөзін тірілтейін. Білесің ба, біздің мектепте спорттың қатты дамығаны сондай, 1968 жыл облысқа баскетболдан жарысқа бардық. Финалға шығып тұрмыз және жеңуге де мүмкіндігіміз бар. Сонда балалар айтады ғой: «Ағай,

лик ағайдың ұстазы мен шәкіртінің жауабы төмендегідей болды:

«Жалпы, ол кісі өмірде өте қарапайым, мейлінше жинақы жүретін, өзіне де өзгеге де аса талапшыл, ерекше еңбекқор адам. Жаман қылықтардан бойын мейлінше таза ұстайтын, пендешіліктен бір саты жоғары жүретін азамат. Біреуді жақсы көріп қалды ма, соңына дейін садық (адал) қалатын. Ал енді, жұмысына берілгендігі сондай, сөзбен айтып жеткізу қиын. Қай уақытта болмасын аудандық, облыстық жарыстарға Қыземшектен шығып бару керек болса, шәкірттерімен аздаң ерте сонда болатын. Темірдей тәртіпке шәкірттерін де қалыптастырып қойған ғой. Сосын, қашан үйіне барсаң, үстелдің үстінде (орысша- қазақша) спорттық газеттер мен журналдар жата-

Теріскейдің Тағабегі, аяқдоптың хас шебері

былғаны» деген мазмұнда бір қанатты сөз бар ғой. Осы себепті біз де редакция жұмысы бала күнінен Созақ спортын сүйреп келе жатқан ардагер спортшының сауығып кетуіне септігіміз тисін деген ниетпен мақала әзірлегенді жөн көрдік! Шыны керек, аудан және облыс, тіпті, Республикаға танымал Теріскейдің Тағабегі жайлы осы уақытқа дейін мардымды ештеңе жазыла қоймапты. Баржоғы ауданымыздың мерейтойлары қарсаңында немесе қайсыбір зейнетке шыққан ардагер спортшылардың естелік кітаптарында аз- кем сөз болғаны болмаса, Толик ағайымыз жайлы толықтай жазылған дүние жоқтың қасы екен. Сол олқылықтың орынын толтыру ниетімен Толик ағайымыздың Созақ спортындағы тұсауын кескен алғашқы ұстазы Батыров Таужан қария мен аудандық БЖФМ-нің директоры Сәрсенбаев Бақтыбай ағамызға жолығып, сұхбаттасуды ұйғарды. Мен хабарласқанымда, Таужан қария да Бақтыбай ағамыз да Толик ағайдың сырқаттанып қалғанын хабарсыз боп шықты. Ұстазының хабарын алар- алмас Бақаң орталық ауруханаға іздеп барып, хал- жағдайынан хабардар боп қайтты. Содан екеуіміз Таужан ағайға хабарласып, ол кісіні Ы.Алтынсарин атындағы Аллеяда бой жазып, серуендеп жүрген жерінен жолықтырдық. Аман-саулықтан соң, мән- жайдан хабардар етіп едік, ардагер жаттықтырушы сүйікті шәкірттерінің бірі Толик ағайдың аздап сырқаттанып қалған хабарын естіп, аллея ішіндегі орындыққа сылқ түсіп отыра қалды. Міне, осы сәттегі бірі шәкіртінің, екіншісі де ұстазының сырқатына кәдімгідей қамықты. Екі бірдей ардагер спортшының Толик ағаймен араларындағы сыйластықтың, достықтың қаншалықты терең екенін аңғару қиын емес еді. Екеуі де кәдімгідей, әбіржіп қалды. Дегенмен, денелері мен қоса жандарын да тәрбиелеп, әбден шыңдалған азаматтар емес пе, екеуі де бойларын тез жиып ала қойды. Осы сәтті үнсіз тосып тұрған мен де сұхбатымды бастап кеп жібердім. Алғашқы болып сөз алған Таужан ағай: «Білесің бе Данияржан, Толик ағайың жалпы 1952 жылы туған, бірақ құжат бойынша 1953 жылғы боп жазылып кеткен. Сол себепті де биыл жасы 70 келсе де 1953 жылы туған балдармен қатар оқыды. Әлі есімде, Толик біздің ауылға 1967 жылы Кентаудан көшіп келді. Негізінде, Толиктің әкесі Әуез ақсақал осы өзіміздің Теріскейдің тумасы. Бәлкім, сол қызмет бабымен сыртта жүрген болса керек. Сонымен, Толик сол уақытта 6 сыныпта оқитын рахметтік Яшалардың сыныбына келді. Қанша дегенмен, орысша оқып, тәрбие алған қаланың баласы ғой, сөзі де қимылы да шапшаң, жан- жақты қалыптасып үлгерген бала болатын. Қаладан келген демекші, сол кездің өзінде- ақ спорттың бірнеше түрінен хабары бар зерек оқушы еді. Әсіресе, футбол мен баскетболды ерекше жақсы көретін. Бұл уақытта менің де ауданға, Ы.Алтынсарин мектебіне Кентаудан келіп, алғаш футбол үйірмесін қалыптастырып жатқан уақытым болатын. Өзің Сәуірбек Бақбереновтың «Он үшінші ойыншы» және Ескермес Жақсымбетовтың «Тенбіл доп» атты кітабына, біздердің айтқан естеліктерімізге сүйеніп жазған мақаланың басты кейіпкерлері, кезінде Одаққа мәшһүр болған «Шал-

қар» командасының ойыншыларын жаңадан жасақтап жатқан кезім еді. «Сұрағанға берген» деп, Толиктің сап етіп Созаққа келе қалуы мен үшін кәдімгідей тосын сый болды. Әрине, бұған дейін жабайы футбол ойнап келген балдар аяқдоп ойынының қыр- сырларын ұғынып, кәсіби деңгейде шұғылдануға ынталанып қалған шақ қой. Кенжебек, Патши, Закир, Аманғали т.б балдардың футболдың айла- тәсілдерін кәдімгідей меңгеріп, шеберліктерін шыңдап қалған кезі-тің. Толик алғашында мектептің атынан баскетболдан жарыстарға барып жүрді. Онымен бірге Жүнісов Жеңіс т.б балдар ойнады. Баскетболды өте керемет ойнады. Ол уақытта мектеп директоры Наурызбаев Сәйілбек ағай. Спорт десе, ішкен асын жерге қоятын. Бос уақыты бола қалса, міндетті түрде спортзалға, алаңға келіп балалардың ойынын тамашалағанды ұнататын. Міне, сол кісінің спортқа деген ерекше ықыласы Созақ спортын белгілі бір деңгей көтеруге сеп болды. Оны айтпай кетсек, әрине Секеңе қиянат болар еді. Бұл жылдары облыста «Қайрат» еркікті спорт қоғамы, ауданымыздың спорт бөлімі ересектер мен оқушылар арасында спорт шараларын көптеп ұйымдастыратын. Міне, Алтынсарин мектебінің сол уақыттарда ауданымыздың намысын көп қорғады. Содан, осы Толик, Аманғали, Кенжебек т.б балдарды Секеңнен бірде сұрап алып, бірде ұрлап алып кететінмін. Сөйтіп,

қараңызшы! Баскетболдан жеңсек қой, Республикалық жарысқа бар болғаны 8-ақ бала барамыз. Ал футболдан жеңсек, 15 бала ел біріншілігіне барамыз. Дауайте, жеңіле салайық!» деп, қолдан жеңіле салдық. Есесіне, футболдан облыс чемпионы атанып, Петропавл қаласында өткен Республика чемпионатына барып, облыстың намысын абыроймен қорғадық. Көрдің ба, соншалықты дәрежеде спорт дамып кеткен, футбол мен баскетболдың арасында таңдау жасап жүрміз ғой. Әрине, осылардың бәрінде Толик ағайыңның мен үшін көмегі көп болды. Біріншіден, спортқа деген махаббаты күшті, екіншіден, сауаттылық жағынан мықты болды. Міне, сол спортқа деген махаббаты мен білімділігі және біліктілігі мен кәсібилігі 55 жылдан бері оны әлі биігінен түсірген жоқ».

Ұстазының сөзін іліп әкеткен Бақаң: «Қарашы, Толик ағайдың Созақ спортының көшін сүйреп жүргеніне 55 жыл болса, Таужан ағайымыздың Қазақ спортын өрге сүйреп келе жатқанына 60 жылдай уақыт болды ғой. Олай дейтінім, бұл кісінің алғашқы шәкірттері Толик, Аманғали т.б басқа ағайлар болса, біз ол кісілердің шәкірттеріміз. Кешегі, рахметтік Ораздар біздің шәкіртіміз болса, қазір олардың шәкірттерінің шәкірттері аудан облысты қойып, Республикада доп теуіп жүр. Сонда мен немере шәкірт көрсем, Толик ағай шөбере, Таужан ағай шөпшек шәкірт көріп

ды. Яғни, ол кісі бүгінге дейін тоқтаусыз ізденіс үстінде келе жатыр ғой. Егер, жалпы сауаттандыру саласының шыңына шеткен адам десек, қателеспейміз! Мәселен, қазіргі таңда жалпы орта және спорт мектептерінде жаттықтырушылар бір пән бойынша оқытып, үйрететін болса, бұл кісілердің тұсында бәрі басқаша болатын. Мысалға, ол уақытта үйрету, қалыптастыру, дамыту және бағалау деген болатын. Яғни, спорттық ойынның бір ғана тәсілін 4-5 сағат өтетін. Тағы да мына төрешілік жасауда өте әділ болатын. Біреуді біреуге жығып беру, біреулердің бұйрығымен немесе өтінішімен ойынның нәтижесін өзге біреудің пайдасына шешіп беру дегенге жаны қас адам. Бір қызығы шәкірттерінің бәрі де ол кісінің барлық жақсы қасиеттерін бойларына жинаған ғой. Ешуақытта бір- бірімен ұрысып, төбелесіп жатқанын көрмейсің. Қайта, бірін- бірі күшті қолдап, қуаттап жүреді. Енді, Толик ағай жайлы қанша айтсақ та аз. Дегенмен, ол кісімен болған бір оқиғаны айтып, сөзімізді аяқтайын деді Бақтыбай ағамыз: «Қай бір жылдары біздер, мен, Толик ағай және Жүсіпов Марат ағай (рахметтік) үшеуіміз Шымкенттегі Мардан Сапарбаев атындағы спорт мектебінде Маханбет ағайдың қоластында жұмыс жасадық. Негізінен, ауылда мектептерде істейміз, бірақ, ол жақтан 0,5 сағатпен жүрдік. Бірде, Шымкентке сол тұста Қазақстан Футболы федерациясының хатшысы Бақтияр Байсейітов келетін болды дағы облыстың барша жаттықтырушыларын орталық алаңға жинады. Содан, Бақтияр Байсейітов келе жатыр дегенді естіген атқамінерлердің бәрі жиналып келіп, алдыңғы қатарларға жайғасып отырып алды. Біз үшеуіміз артқы қатарлардың бірінде отырмыз. Мен костюм шалбар киіп, галстук тағып алғанмын. Толик ағай қарапайым қызыл водолазкада отыр. Бір уақытта Байсейітов келді деп басшысымақтардың бәрі өре- түрегеліп амандасып жатты. Кенет, Бақаң кілт тоқтап қалды да тура біз отырған жаққа қарай жүрді. Жанымызға тақап келді дағы: «Толик, досым қалайсың?» деп ағаймен амандасты. Жағдай сұрасып болған соң ағайдың қолын көтеріп тұрып, бүкіл жиналған жұртшылыққа: «Мына адамды танысыңдар ма? Есімі Тағабек, менің группаласым. Егер ауылда қалып қоймағанда, қазақтың Пелесі болатын жігіт еді» деді де трибунаға көтеріліп кетті. Біз, Марат ағам екеуіміз аң- таңбыз: «Мә саған! Бақтияр Байсейітовтың өзі біздің ағайды танытып боп шықты ма?» дейміз мақтаншыл сезімі кернеп. Өйткені, Бақтияр Байсейітов деген ұзақ жылдар бойы, облыстық, республикалық футбол федерацияларын басқарған адам ғой! Әне, біздің Толик ағайымыздың лақап аты содан «қазақтың Пелесі» боп кеткен».

Сөз соңында, біздер Созақтықтар Таужан, Тағабек айғайларымызбен қалай мақтансақ та жарасады. Тек, Теріскейдің Тағабегі, аяқдоптың ағабегі сырқатына айығып, ел- жұртына, ұстазы мен әріптес- достарына және шәкірттеріне жуық арада қауышып, Созақ спортының көшін онан әрі сүйрей берсін деп, редакциямыздың атынан ақжарма тілегімізді айтамыз!

Данияр БЕК,
Қазақстан Жазушылар
Одағының мүшесі.



Шымкентте, өзге аудандарда өтетін түрлі жарыстарға қатыстыратынмын. Көбінесе, ересектердің арасында ойнататынмын. Мақсатым, балдар мейлінше төселсін, шеберліктерін барынша шыңдасын дейтінмін.

Осы жерде әңгімеге Бақтыбай аға араласты: «Ой, Данияр! Бәріміз де жақсылы- жаманды ұзақ жылдардан бері жаттықтырушылық қызметті атқарып, бала тәрбиелеп келе жатырмыз ғой. Бірақ, Таужан ағайымыздың орыны бөлек қой! Өзің ойлашы, 70- жылдар, қарапайым ауыл балалары облыс түгілі ауданнан асып шығып көрмеген. Ал біздің Таужан ағайдың шәкірттері облыс, Республиканы былай қойып, Одақтың құрамындағы өзге елдерге, үлкен- үлкен қалаларға шыққан ғой.

Отыр ғой. Бір ғана Пиялы Нұрсұлтан деген баламыздың футболдан «Қайрат» командасының құрамында өнер көрсетуі неге тұрады, басқасын айтпай- ақ қояйын. Ал, мына «ҚазАтомПром» ның барлық мекемелерінде ауданымыздың, облысымыздың барлық командалық командаларын ойнап жүрген балдардың барлығы дерлік Толик ағайдың тікелей шәкірттері. Бір сөзбен айтқанда, Таужан, Толик айғайлар Созақ спортының карифейлері ғой!

Менің: «Жарайды! Толик ағайдың спортта, еңбекте қандай адам болғанынан бүкіл аудан жұртшылығы хабардар десек, артық айтқандық болмас. Енді осы Тағабек ағайымыз өмірде қандай жан еді? Отбасы жайлы бір- екі ауыз сөз айтсаңыздар!» -деген өтінішіме То-

Нұрқожаев Тәжі



Ұлы Отан соғысының ардагері Нұрқожаев Тәжі дүниеден озды.

Нұрқожаев Тәжі 1924 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Қарабұлақ елді мекенінде дүниеге келген.

Әскер қатарына 1942 жылы шақырылған. Ұлы Отан соғысы жылдарында Белорусия майданы, 130 полк, 1943 жылы 12 полк құрамында ұрыстарға қатысқан. Неміс-фашист басқыншыларымен болған соғыста 1944 жылы ауыр жараланып, 1945 жылы елге оралған. Сержант Тәжі Нұрқожаев «Жауынгерлік ерлігі үшін» медальмен наградталған.

Соғыстан кейінгі жылдары Қарабұлақ колхозында, Калинин атындағы кеңшарда еңбек етіп, 1984 жылы зейнеткерлікке шыққан.

Созақ ауданының «Құрметті азаматы».

Марқұмның отбасына, туған-туысқандарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Қарт майдангердің жарқын бейнесі есімізде ұзақ сақталады.

**М.ТҰРЫСБЕКОВ,
Б.БАЙҒАРАЕВ,
Б.АЙДАРБЕКОВ,
Б.ӘЛМАҒАНБЕТ,
А.САТЫБАЛДЫ,
Қ.ОРАЗОВ,
Қ.ЕСПЕНБЕТОВ,
Б.АРЫНБЕКОВ.**

Жарамсыз деп танылсын

Керимбеков Нурболат Нуртаевичтің иелігіндегі 2002 жылы шығарылған «Volkswagen Passat» маркалы автокөлігінің «KZ 275 ХСУ/13» санды мемлекеттік тіркеу белгісі жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

Нұрлы бейнең жүректерде сақтаулы...

Абай ауылының тұрғыны, асыл ана, аяулы жар, жаны жайсаң жан Қожабекова Айнаш анамыздың дүниеден өткеніне жылдың жүзі болып қалды. Асыл анамыздың жарқын бейнесін сағынышпен еске аламыз.

**Ұл-қызыңа қадірлі едің ардақты,
Жан анамыз құрметті де салмақты.
Нұрлы бейнең жүректерде сақтаулы,
Жан едің сен өнегелі жан-жақты.
Ұмытпаймыз ана сізді мәңгіге,
Таусылмайды өзің жайлы әңгіме,** - дей

келіп, анамыз Айнаш Қожабекованың рухына бағыштап жылдық асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

Ас – 27 ақпан күні (26 ақпан – қонақ асы) Абай ауылындағы өз шаңырағында беріледі. (Карантин талаптарын сақтай отырып).

Асқа шақырушылар: ұл-қыздары.



Жатқан жерің жайлы болсын жан ана...

Созақ ауданы, Абай ауылында ғұмыр кешкен, отбасымыздың ұйытқысы, әулетіміздің ақылшысы, аяулы анамыз Ажар Салықбайқызы Оспанкелінінің дүниеден өткеніне жылдың жүзі болып қалды. Асыл анамыздың нұрлы бейнесін сағынышпен еске аламыз.

**Түс көргендей жүрміз біздер анашым,
«Жоқ» дегенге сенбей қойды санам шын.
Әр балаңды бір баладай көруші ең,
Бір өзіңе жетпейді жүз жанащыр...**

**Сабырлы едің, жаның таза Күн едің,
Жаным Ана жұмақтасың білемін.
Жан-жағыңды нұрға бөлеп жүруші ең,
Жатқан жерің жайлы болсын тілегім,** - деп, асыл анамыз Ажар Салықбайқызының рухына бағыштап жылдық асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, анамыздың көзін көрген жандардың есіне саламыз.

Ас – 26 ақпан (25 ақпан – қонақ асы) Абай ауылындағы өз шаңырағында беріледі. (Карантин талаптарын сақтай отырып).

**Асқа шақырушылар: ұл-қыздары,
Оспановтар әулеті.**

«№1 колледж» МКҚК-ының директорының оқу жұмыстары жөніндегі орынбасары Танатаров Бағланшын қайын атасы **Басарұлы Ергазының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қоғамдық тыңдау өтеді

«ИНКАИ» ЖШС бірлескен кәсіпорны Мемлекеттік Мекемесі 2022 жылдың 21 мен 25 ақпан аралығында бірыңғай экологиялық порталда «Инкай» БК» ЖШС аммиак селитрасы мен құрғақ реагенттер қоймаларындағы автоматты өрт сөндіру қондырғылары Satellite-2» жобасына «Қоршаған ортаға әсерді бағалау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылау түріндегі қоғамдық тыңдаулар өтетіні туралы хабарлайды.

Жобалық құжаттамамен бірыңғай экологиялық порталдан, сондай-ақ МИО веб-сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/activities/directions?lang=rutanyssuqa> болады.

Ескертулер мен ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда қабылданады.

Тапсырыс беруші: «ИНКАИ» ЖШС бірлескен кәсіпорны Тел. 8(778) 666 6163.

ҚОӘБ әзірлеушісі: ИП «Ешімқұлов», 8/7122/ 315959.

Қосымша ақпаратты eco@shyndau.kz және 8(771) 177 49 18 нөмірі арқылы алуға болады.

ТОО «Совместное предприятие «ИНКАИ» СООБЩАЕТ, чтос 21 по 25 февраля 2022 года на едином экологическом портале пройдут общественные слушания в форме публичного обсуждения по проекту: «Автоматические установки пожаротушения на складах аммиачной селитры ОПЗ и сухих реагентов Сателлит-2 ТОО «СП «Инкай»»

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на едином экологическом портале, а также на сайте МИО: <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/activities/directions?lang=rutanyssuqa>

Замечания и предложения принимаются на едином экологическом портале.

Заказчик: ТОО «Совместное предприятие «ИНКАИ», тел. 8 (778) 666 6163.

Разработчик: ИП «Ешімқұлов», тел. 8 (7122) 315959.

Дополнительную информацию можно получить по адресу: eco@shyndau.kz и по телефону 8 (771) 177 49 18.

Жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырайық

Еліміз егемендік алғалы бері, талай қыйын кезеңдерді басынан өткергені анық. Ел болудың басты тірегі ретінде отанға деген махаббат, оның өсуіне өрлеуіне үлес қосу.

Жүрегі еліміз деп соққан әр азаматымыздың міндеті. Осы аталмыш дүниелерді ала отырып өз-өзін отанға адал болуға тірбиелеу. Кей кездері барлығы бір ағынға түсе бермейтіні анық екенін байқаймыз. Ақсамайтын қоғам жоқ. Сол секілді біздің еліміздің тоқтаусыз күресумен келе жатқан жемқорлыққа қарсы күресі кәзіргі таңда өз жемістерін беруде. Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасирет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-

біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдатыны анық.

Жемқорлыққа қарсы күресу міндеті жергілікті жерлердегі құзырлы органдармен қоғамдық ұйымдар жұмысының темірқазығына айналып отыр. Елімізде жемқорлықпен және ұйымдасқан қылмыстықпен күресті күшейту шараларына орай «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Мемлекеттік қызмет туралы» арнайы заңдар қабылданды. Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда. 2014 жылы «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы» қабылданды. Осы стратегия-

да да қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді. Дамыған елдерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру барысында сыбайлас жемқорлықты рухани жағынан қабылдамауға мән беріледі.

Қылмыстың өтеуі жаза екендігін барлығымыз жете түсінеміз.

Көп дүниелерді саралайтын болсақ елдің, болашақтың иесі біз-жастар боламыз. Сөз соңында айтарым, келте ойлап келешек ұрпақтың кемел болашағын кескіндеп тастамайық ағайын!

**С.СЕЙДАХМЕТОВ,
Созақ ауданындағы №11
өрт сөндіру бөлімінің
бастығы м.у.а азаматтық
қорғау лейтенанты.**

Орман өртіне жол бермейік!

Көптеген адамдар өртті өздеріне қатысы жоқ немесе олардың кесірінен болмайтын нәрсе деп қарастырады. Алайда, өрт жағдайларының жартысынан астамына адам факторы отты пайдаланудағы бейқамдық пен абайсыздық себеп болып жатады. Сондықтан өрт қауіпсіздігінің қарапайым ережелерін барлығы білуі тиіс. Адамдар көп шоғырланған жерлерде өрт шығу қаупі бар.

Әсіресе, орман-тоғайда өрттің шығуы жиі кездеседі. Жаз шығып, күн ыси бастағанда, қыс-тай қар астында жатқан қураған шөптер орман-тоғайға өр қауіптілігін туғызады.

Орман өрттері құрғақ ауа райы мен жел кездерінде айтарлықтай үлкен территорияға таралып кетеді. Ыстық ауа райы кездерінде, егер жауын шашын болмаса ормандар құрғап, кез – келген абайсыз жанған оттың әсерінен өрт тез таралып кетуі мүмкін. Өрттің қай жерден және қашан шығуын болжау мүмкін емес.

Орман өртінің пайда болуына көбіне адамдар кінәлі. Ол көбіне орманда өртке қарсы ережелерді білмеуінен немесе білсе де өртке қарсы ережелерді сақтамауынан, орманға келіп демалушылардан өшірілмей қалған от алаулары, сөндірілмеген темекі қалдығынан болады. Осының салдарынан қурап тұрған шөп тұтанып, үлкен өртке айналады. Егер орманшылар немесе өрт сөндірушілер тез шара қолданып, өшірмесе біраз орман жерін алып кету қаупі бар.

Сондықтан әрқайсысымыз өрт қауіпсіздігін сақтап, сөндірілмеген темекі қалдығын, жағылған сіріңкені тастамай, от алауын өшіріп, отырған жерімізді тазалап, орман өртіне жол бермей, өрттен қорғап жүрейік, ағайын!

**Қанат ЕРШАЕВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін
қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің орман күзетші-қорықшысы,
Құмкент ауылы.**

Сенім телефоны

«Созақ ауданының Тасты ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын бұзған «Созақ ауданының Тасты ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері жөнінде 8 (72546)-23-9-39 телефонына хабарласуға болады.

«Созақ ауданының Тасты ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Сенім телефоны

«Созақ ауданының Қаратау ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын бұзған «Созақ ауданының Қаратау ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері жөнінде 38-5-53 (47-28) телефонына хабарласуға болады.

«Созақ ауданының Қаратау ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Әдетте ауыл тұрғындары сарып (бруцеллез) ауруы туралы жақсы біледі, өйткені кесел ауылшаруашылық малдарынан, оның ішінде жиірек: ұсақ мүйізді, ірі қара малдан жұғады. Сарып кеселін жұқтыру оңай, ал одан сауығу, әсіресе тірек-қимыл аппараты зақымданған жағдайларда қиынға соғады. Сондықтан бұл жағдайда аурудың алдын алатын профилактикалық іс-шараларды жүргізіп отырған дұрыс. Сарып-бұл жүйке, жүрек-қантасмыр жүйелерінің, сонымен бірге

ымен қатынаста болғанда, тұған қозыны ауыздандырып емізу кезінде жиі жұқтырып алады. Сонымен бірге ауру сиыр, ешкі, қойдың қайнамаған сүтін немесе толық термикалық өңдеуден өтпеген өнімдерді тағам ретінде пайдаланғанда ауру жұғуы мүмкін.

Сондай-ақ қарым-қатынас арқылы да ауру жұқтыруы мүмкін, яғни бруцеллезбен ауырған үй жануарларын күтіп – баптаған кезде (мал дәрігерлері, зоотехниктер, малшылар, сауын-

да фебрильді аурулардың белгілеріне ұқсас, оның ішінде: қызба, тершеңдік, бұлшықет, буындардың ауыруы, әлсіздік, бас ауру, депрессия, қозғалыс, төбеттің жоғалуы, салмақты жоғалту, жөтел, іштің ауыруы, бауыр және (немесе) көкбауырдың үлкеюі. Бруцеллездің басқа да белгілермен өтуі ықтимал.

Сарыптың алдын алу шаралары

1. Жануарлар күтіміне байланысты барлық жұмыстарды, әсіресе төлдеу науқанында ар-

Хабарландыру!

2022 жылы ауыл шаруашылығы жануарларын энзоотиялық (Конго Қырым Қанды Қызбасы т.б.) ауруларға қарсы бүрку, тоғыту үй іргелік қора жайларды залалсыздандыру жұмыстарын жүргізілуіне байланысты, көктем және күзгі маусымдарда атқарылатын энзоотиялық жұмыстар бүрку және тоғыту жұмыстарының орнына ауыл шаруашылығы жануарларын (МІҚ, Жылқы, Түйе, Қой, Ешкі, Шошқа) ендігі жағдайда арнайы инъекциямен және үй іргелік қора жайларды арнайы сұйықтықпен залалсыздандырылады.

Жоғарыда аталған энзоотиялық іс-шаралар тегін жүргізіледі.

Осыған байланысты залалсыздандыру жұмыстарын жүргізу алдында қора жайларыңызды механикалық тазалаудан өткерулеріңізді сұранамын. Механикалық тазаланбаған қора жайларда залалсыздандыру жұмыстары өз деңгейінде сапалы жүрмейтіндігін ескертеміз.

Бруцеллез ауруынан сақтанайық!

тірек-қимыл аппаратының зақымдалуымен, ұзақ ағыммен сипатталатын жұқпалы дерт.

Бруцеллез қоздырғыштары: *B. melitensis* (негізгі иесі-қой, ешкі), *B. abortus* (иесі-ірі мүйізді мал), *B. suis* (иесі-шошқа, қоян, солтүстік бұғылар).

Бруцеллездің негізгі жұқпа көздері- қой, ешкі, сиыр, шошқа. Сарыппен науқастанған адам жұқпалы емес, яғни кесел ауру адамнан сау адамға берілмейді. Бруцеллез жануарлардан адамға әртүрлі жолдармен беріледі. Адамдар бруцеллезді ауру малды күткенде жеке бас гигиенасы ережелерін сақтамаса, ауру мал бөліністерімен залалданған құралдармен тікелей қатынасса, малдың жүнін қырқы, малды сою, терісін сыпыру, мал төлдету кезінде малдың шуы, қағанақ су-

шылар, шопандар және т.б).

Жасырын (инкубациялық) кезеңі 6 күннен 30 күнге дейін созылады.

Ауру белгілері: әлсіздік, ұйқының бұзылуы, кейде қозғалыс, бастың ауыруы, бұлшық еттер мен буындардың ауырсынуы, асқа төбеттің төмендеуі, дене қызуының 39-40 °С дейін көтерілуі. Қызба жиі толқын тәріздес сипатта өтеді, қызба кезінде қалтырау мен тершеңдік байқалады. Орталық жүйке жүйесінің функционалдық зақымдалуы белгілері ерте пайда болуы мүмкін. Сонымен бірге лимфа түйіндері 1 см мөлшерде ұлғаяды. Аурудың 6 - 7 күнінен бастап гепатоспленомегалия (бауыр мен көкбауырдың ұлғаюы) белгілерінің айқындалуы мүмкін. Демек, бруцеллез белгілері жиі тұмау және басқа

найы қорғаныш киімдерін (арнайы киім, аяқ киім, қолғап) киюмен жүргізу, бруцеллез ауруының алдын алу және жеке бас гигиенасы ережелерін сақтау;

2. Тағам ретінде сапалы термикалық өңдеуден өткен ет және ет өнімдерін, сүт және сүт өнімдерін қолдану;

3. Мал дәрігерлік анықтамасыз сүт және сүт өнімдерін бейберекет сауда орындарынан ешқашан сатып алмау;

4. Малды жайлауға шығарар алдында міндетті түрде бруцеллезге тексерту.

Бруцеллездің диагностикасы Сарып (бруцеллез) диагнозын қою үшін зертханалық зерттеулер жүргізіледі. Серологиялық әдістерден Райт және Хеддльсон реакциялары кеңінен қолданылады.

Кене шағуы қауіпті

Құрметті аудан тұрғындары, өздеріңіз көріп отырғандай 2022 жылдың көктемі де келіп жетті. Қыс бойы топырақтың, күл-қоқыстардың, қора-қопсылардың терең қуысында тығылып жатқан жәндіктердің барлығына жан бітіп, жердің бетіне шыға бастайтынын өздеріңіз білесіздер. Күн жылына табиғатта көп кездесетін жәндіктердің бірі-кене. Кене адамға көптеген аурулар таратады, солардың қатарына қырым қанды безгегін жатқызуға болады. Конго-Қырым қанды безгегі – бұл вирустан туындайтын ауыр жұқпалы ауру. Қырым қанды безгегінің вирусын таратушы және оны сақтаушы Иксодес кенелері. Бұл кене вирусты тек қана өз организмінде сақтап қана қоймай, айналада таратады. Қазір кенелердің оннан аса түрінде ауру қоздырғышының өсіп-өнетіндігі дәлелденген. Еліміздің кең байтақ өлкелеріндегі кенелердің әрбір түрлерінің осы дертті таратудағы қауіптілігі бірдей емес. Европада осындай қан сорғыштардың бір түрі ауру таратса, Қазақстан және орта Азия мемлекеттерінде басқа түрі жұқтырады. Кенелер үй жануарларының, жабайы аңдардың және құстардың қанын сорып қоректенеді. Организмінде ауру қоздырғышы бар кене қанын сорған жануарларға вирусты жұқтырады. Бұл аурудың адамдар арасында кездесуі кенелердің және олар қан соратын жануарлардың болуына байланысты. Аталған ауру көктем және жаз айларында кездеседі. Кенелер өсіп көбею үшін қан соруға асығады, олар бұл кездері мал мен құсқа, жабайы аңдарға жабысады. Кене

адамға қадалып, қан сорған уақытта, ауру қоздырғышы денеге тарайды. Аты аталған жұқпалы ауру кенелердің тек қан соруы арқылы емес, оларды қолмен мыжып өлтіргенде немесе кенені малдың денесінен алып тастаған кезде жұғуы мүмкін. Қырым-қанды безгегінің жұғуы адамның терісіне кене қанының ішіндегі ауру қоздырғыш вирустың енуіне байланысты. Сырқаттың барысында төрт кезең байқалады жасырын (инкубациялық) басталуы, дамуы және сауығуы не қайтыс болу кезеңдері. Жасырын кезең вирустың денеге енген кезінен бастап аурудың белгі бері бастаған уақытты қамтиды. Орташа есеппен бұл уақыт 2-7 күнге дейін созылады. Осы уақыттың ішінде адам денсаулығына өзгеріс байқалмайды. Дерт кенеттен басталады. Адамның басы қатты ауырып, денесі делсал болады, әлі құрып, белі сырқырайды. Дене қызуы 39-41 градусқа жетеді. Адамның беті, мойны, көкіректің жоғарғы жағы өте қызарып көзі қанталап көмекпей қызарады. Екі үш, кейде төрт-бес күннен кейін сырқат адамның мұрнынан қан кетеді. Науқастың терісінің астына, әсіресе иық, кеуде, қарын терісіне азды-көпті қан құйылу жиі кездеседі. Қанның құрамында көптеген өзгерістер байқалады. Кейде асқазанға да қан құйылып, бұл ауру адамды қазаға ұшыратуы мүмкін. Дерттің жеңіл орташа және ауыр түрлері болады. Қырым қанды безгегінің бір қауіптілігі-осы аурумен сырқаттанған адамның қаны сау адамның денесіне тисе, осы дерттің жұғуына себепші болады. Осы кезге дейін

қырым қанды безгегі ауруын емдейтін өндірістік көлемде шығарлатын белгілі бір дәрі жоқ. Сондықтан аурудың алдын алу жолдарына зор мән беріледі.

Қоралардың көңін ойып шығарып, қи-қоқыстан тазаланған жағдайда жүргізілетін дезинсекциялық жұмыстар сапалы болады. Сол себепті ескерте отырып, залалсыздандыру жұмыстарын жүргізу алдында қора жайлармен жапсарлас аймақтардың көң, қилардан тазартып (механикалық тазарту), даярлық жасауларыңызды сұраймыз. Сонымен қатар, биылғы 2022 жылы ауылшаруашылық жануарларын кенеге қарсы инъекциялық жолмен және үй іргелік қора жайларды арнайы сұйықтықпен залалсыздандыру жоспарланып отыр. Малдарыңызбен, қора жайларыңызды кенеге қарсы залалсыздандырудан қалдырмаңыздар!

Кенесі көп жерде кенеден сақтану үшін арнаулы киім (комбинезон) киіп жүру қажет. Егер ол болмаса шалбардың балағын етіктің ішіне салып көйлекті шалбардың белбеуімен қысып байлаған жөн. Сыртқы киімнің жеңін де жағасын да түймелеп алу керек.

Егер сізді кене шағып, дене қызуыңыз көтерілсе, әлсіздік пайда болса шұғыл түрде тұрғылықты жер бойынша міндетті түрде емдеу мекемесіне медициналық көмекке жүгініңіз!

Түркістан облысының ауыл шаруашылығы басқармасының «Ветеринариялық қызмет» ШЖҚ МКК Созақ ауданы филиалы.

Сенімгерлік басқарушы:
"Agro-sozak" ЖШС
Меншік иесі-
"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директор:
Абилпаттаев Ержан БАКЫТЖАНОВИЧ

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек САЙЛАУБЕКҰЛЫ
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы-
Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терішші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар өңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.
Компьютерлік бетпен өкі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450
Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, Байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97
А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3900 дана
Кезекші редактор:
М.Қарғабай.